

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының туы мен нышанының сипаттамаларын бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 15 қаңтар N 15

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының туы мен нышанының сипаттамаларын бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының туы мен нышанының сипаттамаларын бекіту туралы

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 6-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) қаржы полициясы органдары туының;
 - 2) қаржы полициясы органдары нышанының сипаттамалары бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының туы мен нышанының сипаттамасын бекіту туралы

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5 бабының 6-тармағын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. М ы н а л а р б е к і т і л с і н :

- 1) Қаржы полициясы органдары туының сипаттамасы (түрлі-түсті және схемалық бейнелер және сипаттама мәтіні қоса беріліп отыр);
- 2) Қаржы полициясы органдарының нышанының сипаттамасы (түрлі-түсті және схемалық бейнелер мен сипаттама мәтіні қоса беріліп отыр).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

200 жылғы " _ _ " _ _ _ _ _

N Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары
туының сипаттамасы**

Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының туы қара-көгілдір түсті
тік бұрышты мата болып табылады.

Тудың ортасында қаржы полициясы органдары нышанының бейнесі орналасқан.

Ту шетінен алтын-сары түсті шашақпен көмкерілген. Сол жағында туды сабына
кигізуге мүмкіндік беретін диаметрі 32 мм және ұзындығы 2000 мм тігіс жасалған.
Саптың ұштығы найза түрінде жасалған, оған шашақтары бар алтын-сары түсті өрілген
бау бекітілген. Ұштықтың биіктігі 260 мм, ені 110 мм. Баудың ұзындығы 1300 мм,
шашақтардың ұзындығы 200 мм. Тудың енінің оның ұзындығына арақатысы - 1:2.

Тудың жекелеген элементтерімен дәлме-дәл арақатысы қоса беріліп отырған
графикалық бейнеде берілген.

Қазақстан Республикасы

Президентінің

200 жылғы " _ _ " _ _ _ _ _

N Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары
нышанының сипаттамасы**

Қаржы полициясы органдарының нышаны қырлары алтын-сары және ашық-қоңыр
түстерге боялған сегіз қырлы жұлдыздың бейнесін білдіреді. Жұлдыздың ортасында
секіруге дайын барыс бейнесі салынған дөңгелек қалқан бар. Дөңгелектің бойында
барлық жағынан мемлекеттің мүдделері қорғауды білдіретін 8 нүкте орналасқан.
Қалқан нөмірі 3125 С көгілдір түсті (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының
элементі), қалқандағы нүктелер PANTONE халықаралық түстер атласының нөмірі 810
С алтын түсті.

Қалқанның сыртынан жағалай қызыл лента орналасқан. Лентада: төменгі жағынан "
ҚАЗАҚСТАН", сол жағынан "ҚАРЖЫ", оң жағынан "ПОЛИЦИЯСЫ" деген жазулар
орналасқан.

Нышанның жекелеген элементтерінің дәлме-дәл арақатысы қоса беріліп отырған
графикалық бейнеде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК